



Сабақтың тақырыбы :

*Заттың атын білдіретін сөздер
«Келіңдер, құстар»*

Сыныбы 1”А”

Бастауыш сынып мұғалімі Валиева Г.К.

- Балалар, көңіл-күйлерін қалай?





- **Сабақтың мақсаты:**

- **Білімділік:** *Заттың атын білдіретін сөздер туралы түсініктерін жетілдіру, сөздерге сұрақ қойып, сөздерден сөйлем құрап жазуға үйрету. Құстар туралы білімдерін кеңейту*
- **Дамытушылық:** *Ой -өрістерін, ойлау және сөйлеу қабілеттерін, танымдық қабілеттерін дамыту.*
- **Тәрбиелік:** *Құстарды қорғауға, танып білуге деген қызығушылықтарын ояту.*



Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

II. Топқа бөлу

III. Үй тапсырмасын
тексеру

IV. Жаңа сабақ

V. Рефлексия

VI. Бағалау, үйге тапсырма





Үй тапсырмасын сұрау «Жазғытұрым» өлеңін жатқа айту

Өткенді пысықтау.

«Ойлан, тап» ойыны арқылы жұппен жұмыс.
Кім? Кімдер? Не? Нелер? сұрақтарына жауап беретін сөздерді топтастырып жазу, бір-бірін тексеру.




Сабақтың тақырыбы :

Заттың атын білдіретін сөздер

«Келіндер, құстар»



Қабдыкәрім Ыдырысов (1928 - 1978)
Белгілі ақын Куйбышев ауданының Ертіс өзенінің көркем жағасына орналасқан "Жаңа ұйым" ауылында 1928 жылғы 27 тамызда туған. Әкесі Ыдырыс Мұстафин Сталин репрессиясына түсіп, "халық жауы" деген сұрқия атқа ұшыраған кезде Қабдыкәрім алты жаста екен. Екі қарындасы болған.





Келіңдер, құстар

Өткен жыл көктемде
Бала едім тым кіші.
Кім білсін, өкпелеп,
Кетті ме жыл құсы...
Өтті тез он екі ай,
Енді мен үлкенмін!
Келсе ұшып көп торғай,
Өзім-ақ күтемін.
Құстарым, келіңдер,
Қарсы алам өзім-ақ.
Жаңа "үйге" еніңдер.
Міне, көл, міне, бақ.

Талдау .

- Неге өкпелеп кетті деп ойлайсыңдар?
- Жаңа «үйге» деп нені айтып тұр?
- Құстардың қандай түрлерін білесіңдер?




Дәптермен жұмыс

85-жаттығу. Төмендегі сөздерді қатыстырып, сөйлем құрап жаз.

1. Көктем, келді, көрікті.
2. Ери, қар, бастады.
3. Жел, жылы, соқты.

Не? сұрағына жауап беретін сөздерді тап.

Топтық жұмыс. Кластер құрастыру





Құстар туралы тыйым сөздер



Үйге тапсырма:
“Келіңдер, құстар” өлеңін жаттап келу.
“Құстардың пайдасы” тақырыбына
әңгіме жазу

Бағалау

